


Фармацевтикалық өнеркәсіп бойынша 2020 ж. қаңтар-маусымға арналған дайджест




Фармацевтикалық өнеркәсіп өндірісі көлемінің динамикасы, млрд теңге



Түсінік:


- Фармацевтикалық өнеркәсіпте **2020 ж. қаңтар-маусымда өндіріс көлемі** 61 млрд. теңгені құрады (ФКИ – 123,6%). Өсу отандық өндірушілердің ТМҚКК шеңберінде мемлекеттік сатып алуға қатысуы нәтижесінде болды, сондай-ақ, антидене және қан ауруын емдеуге арналған препараттардан тұратын дәрілер өндірісі ұлғайды.
- Өңірлік кесінде Шымкент қ. (30%), Алматы облысы (26,1%), Алматы қ. (21,3%) және Қарағанды облысы (16,1%) отандық фармацевтикалық өндіріс көшбасшылары болды.

ҚР өңірлері бойынша 2020 ж. қаңтар-маусымда фармацевтикалық өнім өндірісі, млн. теңге




**Фармацевтикалық өнеркәсіп өнімінің негізгі түрлерінің
2020 ж. қаңтар-маусымда 2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда
өндіріс көлемі**

Медицинада қолданылатын шприцтер өндірісі




Пенициллин немесе антибиотиктерден тұратын дәрілер



Экспорт

Фармацевтикалық өнеркәсіп өнімінің экспорты 2020 ж. қаңтар-мамырда 2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда 5,4% төмендеді және 22,6 млн АҚШ долл. құрады. Экспорт көлемінің төмендеуі COVID-19 таралуы нәтижесінде елдер арасындағы тауар айналымының төмендеуімен түсіндіріледі.



Импорт

Фармацевтикалық өнеркәсіп өнімінің импорты 2020 ж. қаңтар-мамырда 559 млн АҚШ долл. құрады, бұл 2019 ж. осы көрсеткіштен 13,5% жоғары. Өсу компоненттер қоспасынан тұратын ДЗ, араласқан немесе араласпаған өнімдерден тұратын ДЗ есебінен болды.

Фармацевтикалық өнеркәсіп өнімінің негізгі түрлерінің 2020 ж. қаңтар-мамырдағы экспорт/импорт құрылымы

ТАУАР АТАУЫ	ЭКСПОРТ	ИМПОРТ
Жеке заттардан немесе заттар қоспаларынан тұратын ДЗ	85%	50,1%
Ветеринарлық вакциналар	4%	1,8%
Араласқан және араласпаған өнімдерден тұратын ДЗ	3,9%	1,1%
Антибиотиктерден тұратын ДЗ	1,8%	3,6%
Пеницилиннен тұратын ДЗ	1,3%	0,8%
Дәрумендер тұратын ДЗ	0,2%	1,5%
Санитарлық сөмкелер	0,1%	0,01%
Адам қаны; мал қаны	0,04%	10,3%
Басқа	3,7%	30,8%
Барлығы	100%	100%

САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ҚАЗАҚСТАН



Денсаулық сақтау министрлігі дәрілердің шекті бағаларын өзгертті



ҚР Денсаулық сақтау министрі 2020 ж. 11 шілдедегі бұйрығымен «Бөлшек және көтерме саудада өткізу үшін дәрілік заттың саудалық

атауына шекті бағаларды бекіту туралы» 2019 жылғы 15 шілдедегі бұйрығына өзгерістер енгізді.

Тізімде барлығы 6478 препарат, бұған дейін 6191 атау енген болатын.

Осы бұйрық 2020 жылғы 25 шілдеден бастап күшіне енеді.

Уәкілетті орган жартыжылдықта бір рет есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың оны күнінен кешіктірмей оларды есептеу әдістемесін, деректер туралы ақпаратты көрсетумен бөлшек және көтерме сату үшін дәрілік заттардың сауда атауына шекті бағаларды бекітеді.

Дереккөз: pharmnews.kz

Отандық фармөндірушілер тәулік бойы жұмыс істеуде



Отандық дәрілік заттар өндірушілер ең жоғары қуаттылық пен үш кезекті жұмыс режиміне көшті.

Ұсынылған деректерге сәйкес олар бөлшек сауда үшін де, амбулаториялық және стационарлық деңгейдегі тегін дәрілік қамтамасыз ету үшін де үздіксіз өнім жеткізуді қамтамасыз етеді.

Жалпы алғанда отандық өндірушінің үлесі 13% құрайды.

"Santo" компаниясы производет антибиотиктер шығарып, жақын арада сатылымға шығарады. «Нобел» компаниясы апта сайын бөлшек сауда желісіне 40 мыңға жуық «азитромицин» қаптамасын жеткізеді. Яғни, отандық өндірушілер нарықты толтыруға тырысуда және тәулік бойы жұмыс істеуде.

Бірыңғай дистрибьютормен сатып алу аясында отандық өндірушілерден сомасы 59,8 млрд теңгеге, импорт өндірушілерден 154,3 млрд теңгеге дәрілік заттар сатып алынды.

Дереккөз: pharmnews.kz

САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ӘЛЕМ



Канадалық биотехнологтар коронавирусты жоятын маска ойлап тапты



Канадалық биотехнологтар SARS-CoV-2 вирусын 99 пайызға залалсыздандыратын масклар ойлап тапты. Ғалымдар тобы I3 BioMedical Inc. канадалық

компаниямен жасалған жаңа маскларды тестілеуден өткізді және медициналық масканың сыртқы бетінде вирус 99 пайызға залалсыздандырылғандығын анықтады. Ғалымдар биотехнологтардың әзірлемесі күн сайын вирус жұқтыру қаупі бар денсаулық сақтау қызметкерлері үшін таптырмайтын зат болып табылатындығын атап өтті.

The Lancet Microbe журналында жақында жарияланған зерттеуге сәйкес коронавирус масканың сыртқы қабатында жеті күнге дейін сақталуы мүмкін. Ғалымдардың айтуынша адамдар қолдарын кірлетеді немесе беттеріндегі маскаларын кірлетеді. Жаңа маскларға жағатын белсенді материал көптеген микробтарды өлтіреді және ұзақ уақыт жоғары қабатта сақталады. Микробқа қарсы жабын H1N1 гриппі вирусын да залалсыздандырады.

Дереккөз: pharmnews.kz

Advent International американдық қоры Үндістандағы фармсубстанция өндірушісін сатып алуда



Advent International тікелей инвестициялар американдық қоры Бангалорда орналасқан Micro Labs компаниясының Хайдарабадта орналасқан

Ra Chem Pharma үндістандық белсенді фармацевтикалық ингредиент (БФИ) өндірушісінің акцияларын бақылау пакетін сатып алуға келісім берді.

Компания шамамен 13 млрд рупийға бағалануда (\$173 млн. артық).

Компания қызметінің негізгі бағыты БФИ болып табылғанмен, уақыт өте келе RA Chem өз клиенттерін кешенді ұсыныстармен қамтамасыз ету үшін пеллет өндірісі, рецептура және клиникалық зерттеулер саласына бірігеді.

Компания өнімінің портфелі фармацевтикалық препараттарды және жануарлар денсаулығын сақтау және косметика саласындағы таушалық бағыттарды қамтиды. Компанияның 4 өндірістік бөлімшесі, 2 ғылыми-зерттеу зертханасы және клиникалық ғылыми-зерттеу мекемесі бар. Соңғы 12 айда Advent денсаулық сақтау секторындағы алты компанияға 1,7 млрд доллардан артық сома бөлді.

Соңғы 30 жылда Advent International ҒЗТҚЖ-мен, өндіріспен және фармацевтикалық өнімді дистрибуциялаумен айналысатын 20 кәсіпорынды қоса алғанда, денсаулық сақтау секторының 48 компаниясына 9 млрд доллардан артық инвестиция құйды.

Дереккөз: pharmnews.kz